

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 5 желтоқсандағы №14 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық
қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік хатшысы туралы ережеге
өзгерістер мен толықтырулар**

1. 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесу;

2) корпоративтік басқарудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қор Жарғысын және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері үшін кеңесші рөлін орындау;

3) жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылау;

4) Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының хаттамаларын/шешімдерін және оларға материалдарды, жалғыз акционердің шешімдерін және оларға материалдарды (бар болса) Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес Қор архивіне бергенге дейін сақтауды қамтамасыз ету;

5) жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін Басқарманың және басқа да жауапты тұлғалардың орындауына мониторинг жүргізу, Директорлар кеңесін осындай орындалуы/орындалмауы туралы хабардар ету (шешімдерде тиісті тапсырмалар болған кезде);

6) Кодекстің ережелеріне және оларды қолдануға қатысты түсініктемелер беру, Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізу;

7) Қордың корпоративтік басқаруын жетілдіруге қатысу;

8) Кодексте көзделген корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалаудың жүргізілуін қамтамасыз ету;

9) Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақтамалмауы туралы есепті дайындау.

Корпоративтік хатшыға өзге де міндеттерді жүктеу корпоративтік хатшының ағымдағы жүктемесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа міндеттерді жүктеу Кодексте және Қордың басқа да ішкі регламенттеуші құжаттарында сипатталған орындалатын функциялардың сапасына теріс әсер етпеуі тиіс. Жаңа функциялар Қордың өзге құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларының функцияларын қайталамауы тиіс.»

2. Мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Қор органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат беруді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы жемісті қарым-қатынастар құра білуі және жанжалды жағдайларды шешу дағдыларына ие болуы тиіс.»

3. 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Корпоративтік хатшыны тағайындау ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. Корпоративтік хатшыға қатысты Қорда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді, оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.»

4. 17-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар жіберу, оның ішінде Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібі мәселелері бойынша және Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдау үшін жеткілікті өзекті және уақтылы ақпарат алуын қамтамасыз ету;»;

мынадай мазмұндағы 13) – 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қор Жарғысы, Кодекс және Қордың басқа да ішкі регламенттеуші құжаттары мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде кеңес беру, Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасында болып жатқан өзгерістерге мониторингті жүзеге асыру және Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы хабардар ету;

14) Қордың ішкі регламенттеуші құжатына сәйкес Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізуді ұйымдастыру;

15) бұл Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарында көзделген жағдайларда Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуды және сарапшыларды тартуды ұйымдастыру;

16) Директорлар кеңесі мүшелерінің жалғыз акционермен, Басқармамен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.».

5. 23-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің шешімдерінің орындалуы және/немесе орындалу барысы туралы Директорлар кеңесіне хабарлауға (шешімдерде тиісті тапсырмалар болған кезде);».